

# САЛЫҚТЫҚ ҚЫЛМЫСТАРДЫҢ ҚОҒАМҒА ҚАУІПТІЛІГІ

Қабжанов А.Т., Балтабай Ж.А.  
Қарағанды қ., ҚР

**Андатпа:** мақалада Қазақстан Республикасындағы салықты төлеуден жалтару қылмысының кейбір көкейкесті мәселелері және салықтық қылмыстардың қоғамға қауіптілігі талқыланады.

**Түйін сөздер:** салық, салық қылмыстары, салықтан жалтару, салықтан қашу, салық төлеушілер.

Қазіргі Қазақстанның шаруашылық өмірінде жалған банкроттық, валюталық және кеден заңнамаларын бұзу банк саласындағы ақша қаражаттарын талан-таражыға салу сынды құқық бұзушылық түрлерінде криминалды экономикалық қатынастар күн санап өсуде. Уақытында бір реттік сипат алған салықтан жалтару фактілері заманың ағымына байланысты соңғы жылдары етек жайғаны байқалады.

Салықтық қылмыстардың қоғамға қауіптілігі жоғары, ол мемлекетіміздің экономикалық қауіпсіздігіне нұқсан келтіреді. Салық жүйесіндегі қылмыстар мемлекеттің кіріс бюджетіне түсетін ақша қаражаттардың ағымын тосқауылдап, мемлекеттің бюджеттік және салықтық саясатын жүйесіздендіреді, бәсекелестіктің негізін бұзады; себебі салық төлемеген тұлғалар тауар және қызмет нарығында артықшылықтарға ие болады. Бюджет тапшылығы алдымен, әлеуметтік салаға, ғылым мен мәдениеттің дамуына, құқық қорғау органдарын қаржыландыруына әсерін тигізеді, елде әлеуметтік тапшылық және саяси тұрақсыздық қалыптасады. Сонымен қатар, салықтық қылмыстардың қауіптілігін, салықтан жалтарылған құралдардың «көлеңкелі» кәсіпкерлікке ағылуымен түсіндіруге болады, ал ол ұйымдасқан қылмыстардың экономикалық қорын қалыптастырады.

Салық төлеушілердің заңмен белгіленген міндеттемелерін орындамаудың нәтижесінде мемлекетке зор материалдық шығындар келеді.

Салықтар дегеніміз, жалпы мемлекеттік мұқтаждықтарды қанағаттандыру мақсатында, мемлекеттік жоғары өкілді орган қабылдаған нормативтік құқықтық акті заңның негізінде, сондай-ақ заңда белгіленге мөлшерде және уақытта заңды және жеке тұлғалардан міндетті түрде алынатын ақшалай төлемдер. Осы берілген түсінікті (ұғымды) жан-жақты талдап, салыстыру мақсатында басқа да авторлардың көзқарастарына тоқталсақ.

Мысалы, В.И. Гуреев салықтарды «міндетті жарна» деп атайды және мынадай түсінік береді: «міндетті жарна дегеніміз заңды және жеке тұлғалардың кәсіпкерлік қызметтерінен және басқа түсім көздерінен тапқан табыстарының бір бөлігін заңмен белгіленген тәсілмен ақшалай түрде алу» [1, 10 б].

С.Г. Пепеляев салық жөнінде: «Салық – мемлекеттік өкімет билігі субъектілірінің төлем қабілеттілігін қамтамасыз ету мақсатында, мемлекеттік мәжбүр етумен қамтамасыз мақсатында, мемлекеттік мәжбүр етумен қамтамасыз етілген міндетті, қайтарылмайтын және дербес ақысыз түрде заңды және жеке тұлғалардан заңда белгіленген тәртіппен алынатын меншіктері» [2, 66 б] деген. Аталған автордың айтуы бойынша, егер қандай да болмасын міндетті төлемді алу заңда белгіленіп, негізделмеген жағдайда оларды алу заңсыз болып табылады. Ал салық төлеуші, бұл жерде тек азамат

ретінде емес, сонымен қатар меншік иесі де болғандықтан салықтарды төлеу оның жеке меншік жөніндегі құқығынан шығатын әлеуметтік міндетін орындайды.

Салықты басқа міндетті төлемдерден ажырататын белгілері мыналар:

- салық – мәжбүрлік түрдегі төлем. Салық төлеушілер мемлекеттік біржақты-өктем ерік білдіруінің нәтижесінде салықты еріксіз түрде төлеуге мәжбүр болады; [3].

- салық – міндетті төлем. Салық заңда белгіленген тәртіп бойынша, ұтаң мерзімде және міндетті түрде бюджетке аударылады;

- салық – ақшалай төлем. Заңды және жеке тұлғалардың табыстарын белгілі бөлігі бюджетке ақшалай түрде аударылады;

- салық – меншік нысаны ауысатын төлем. Мемлекеттік емес заңды тұлғалар мен жеке тұлғалардың меншігіндегі ақшалар мемлекет меншігіне айналады;

- салық – заңды төлем Мемлекетті жоғары өкілді органы шығарған заңның негізінде белгіленген төлем;

- салық – нақты заңды және жеке тұлғалардан алынатын төлем;

- салық – заңды және жеке тұлғалардың бәрінен бірдей, жаппай алынбай, тек нормативті актілерде белгіленіп, көрсетілген табыстары, мүліктері және т.б. жағдайда төленеді;

- салық – тек мемлекеттік емес заңды және жеке тұлғалардан алынатын төлем [4, 28 б].

Дамыған елдерде салықтан жалтарған адамға ұры ретінде қарайды, яғни ол – қылмыскер. АҚШ және Еуропалық Одақ елдерінде салық төлемегендерді теледидардан көрсетіп, газетке жариялап масқаралайды. Оларды сенің хан, не қара екенің де қызықтырмайды. Ал бізде осы уақытқа дейін бірде-бір шенеулік салықтан жалтарды деген қылмыстық іс қозғалып немесе тергеуге алынған жағдай тіркелген емес. Тіркелген күннің өзінде жылы жабылып қалады.

Салық төлеудің маңыздылығы Украина, Әзірбайжан сияқты елдерде бастауыш сыныптан бастап баланың санасына құйылады екен. Ал бүкіл халыққа декларация толтыруды міндеттейтін Ресейде де осы тәжірибе енгізілуде. Оларда Салық және алым министрлігі мен Білім министрлігі бірлесіп «Салық не үшін керек?» деген арнайы оқу құралын шығарған.

Қазақстанда да осы тәжірибені қолдану жайы соңғы кезде жиі айтылып жүр. Балабақшалар мен мектептерде салықтың не екенін түсіндіруді Білім және ғылым министрлігі мойнына алып, Мәдениет және ақпарат министрлігі оны жан-жақты насихаттаса дейді. Ал енді кейбір мамандар көлеңкелі экономикаға жол бермес үшін жаппай декларация толтыратын жүйеге көшуіміз керек дегенді алға тартады. Жөн-ақ. Бірақ осыдан кейін Қазақстан халқы өзінің салық төлейтінін мақтан ететін деңгейге жете ала ма? Салық мәдениетін қалай қалыптастыруға болады? Енді осы турасындағы маманның пікіріне құлақ ассақ.

**Сейіт Керімқұлов, экономика ғылымдарының докторы, профессор:**

- Салық мәдениетін сөзбен түсіндіру, мектепте оқыту немесе декларация толтыру сияқты дәстүрлі нормалар арқылы реттеу мүмкін емес. Өйткені, қазір өте жылдам қарқынмен дамыған заманда өмір сүріп жатырмыз. Қалай десеніз де, бізге Американың салық жүйесіндегі тәжірибесін өзімізге енгізу тиімді. Салық мәдениеті Германия, Америка сияқты дамыған елдерде мемлекеттік саясат негізінде қалыптасып, реттеліп, дамытылып отыр. Мәселен АҚШ-тың тәжірибесіне қарасақ, бүкіл дүниежүзіндегі ең мықты салықты реттеу жүйесі соларда. Олар бұған қалай қол жеткізді? Ақпараттық жүйе арқылы!

Яғни, әрбір адам есепке алынып, салық органдарының ақпараттық жүйесінде ол туралы барлық мәліметтер тіркеледі. Сол арқылы мемлекет азаматтардың қаржылық операцияларын, табысын, салығын төлеген, төлемегенін, бір кездері салықтан жалтарғанына дейін біліп, қадағалап отырады. Ғарышты басқаратын НАСА ұйымындағы ақпараттық жүйемен салыстырғанда Американың салық органындағы ақпараттық жүйе бірнеше есе жоғары. Тіпті, онда бір адамды Интерпол іздестіріп жатқан болса, осы салық органына келеді де, сол жерден мәліметін (досьесін) алады. Ондағы мәліметтердің нақты және сенімділігі сондай, Орталық барлау басқармасының (ЦРУ) да күні салық органдарына түседі. Салық жүйесін ақпараттандыру арқылы олар басқа да көптеген мәселені шешіп отыр.

Біз де осындай жүйені енгізуіміз керек. Бізде де ақпараттандыру мәселесі қолға алынған. Ол «Электронды Үкімет» деп аталады. Бірақ меніңше, ондағының барлығы жалпы қамтылады да, нақты ештеңе жоқ. Ең алдымен салыққа маманданып, мемлекет бірінші кезекте оны жинаудың тиімді жолын жөнге қоюы қажет. [5].

Қазір бізде 2,5 миллион адам өз бетімен табыс табады. Бірақ олардан мемлекет бір тиын да салық алмайды. Өйткені олар жұмыссыздарға да, жұмысы барларға да жатпайды, салық органдарында тіркелмеген. Ал ірі бизнестегілер шенеуніктермен ауыз жаласып, салықтан сытылып кетеді. Осыдан келіп заңды салық төлеушілерге салмақ артады. Егер салық саласын толық ақпараттандырсақ, әлгі адамдар туралы мәліметті мемлекет бүге-шүгесіне дейін біліп отырар еді.

Сосын салық өте мәдениетті түрде адамның құқын бұзбай, жоғары инновациялық жолдармен жиналуы тиіс. Бізде салық төлеушілердің де, салық органдарының да мәдениет деңгейі төмен. Салық төлеуші кері байланыс болатынын, яғни өзі төлеген салықтың есебінен мемлекеттен белгілі бір игілік алатынын сезінбейді. Салықты аз төлесе де, көп төлесе де жағдай өзгермейді. Соны көріп тұрған адамда қандай мәдениет болуы мүмкін?.. Бізде салық қысымы өте жоғары, адамдар істеп отырған жұмысынан айырылып қалмас үшін ғана төлейді. Болмаса одан жалтарудың неше түрлі жолдарын іздейді.

Салық органдарының мәдениеті де сын көтермейді. Салық комитетіне барсаң, үнемі ұзыннан-ұзақ созылған кезек. Сосын есепті қабылдайтын салық органының қызметкерлері нақ бір «жарты құдай» секілді. Шетелде кезек күту деген жоқ, ондағы мамандар өздері көмектеседі. Салықтан айналып өту, жалтарып қалу дегенді олар түсінбейді. Өйткені, әлгі ақпараттық жүйе арқылы барлығын бақылап отырғандықтан, сәл ғана «қисық қадам» жасаса, «қалпақпен қағып» алады.

Сонымен салықтық қылмыстардың алдын алу үшін, заман ағысына қарай салық жүйесін неғұрлым ақпараттандырсақ, соғұрлым мемлекетті басқаруда әрі жеке адамның мәдениеті де әлдеқайда жоғары болады. Әкімшілік басқарудың ақпараттық жүйемен өте жоғары деңгейде қарулануы бұл – заман талабы болып келеді.

### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

- 1 Гуреев В.И. Налоговое право. – М.: Экономика, 2005.
- 2 Ермекбаев Б.Ж. Жалпы мемлекеттік салықтар: Оқу құралы. – Алматы, 2007.
- 3 Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсінік. – Алматы: ЖШС «Издательство «Норма-К», 2010. – 648
- 4 Ильясов К.К. Зейнельгабдин А.Б. Ермекбаев Б.Ж. Налоги и налогообложения. – Алматы, 2000.

5 Клара Нақып «Салықтан жалтарудың салдары» Ақиқат, 2010, №2.